А.М. Мамедов
Н.А. Амантаев
Қ.Б. Мамиров

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.2.281.287

Аслан Мәлікұлы Мамедов[1], mamedovaslan@mail.ru,
Наурызбек Амантайұлы Амантаев[1], nauryzbek.amantayev@bk.ru,
Қайрат Базарбайұлы Мамиров[1], kairatm_1985@mail.ru
[1]Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты,
Алматы, Қазақстан

Қарғалы ауданының археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихы*

Мақалада Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихы қарастырылған. Археологиялық ізденістер нәтижелері бойынша мәліметтер келтіріліп, ауданның ежелгі тарихын сипаттаудағы зерттеушілердің ролі мен маңызы баяндалған. Қарғалы ауданы әр кезеңге тән тарихи-мәдени мұра ескерткіштеріне бай өлке болып табылады. Бұл аумақта ғылыми қызығушылық туындыратын тас дәуірінен қазіргі этнографиялық уақытқа дейінгі нысандар кездеседі. 2022 жылы «Ақтөбе облысының тарихи-мәдени мұралары нысандарының электронды мәліметтер базасын құру және картаға түсіру (Мәртөк және Қарғалы аудандары аумағы)» жобасы негізінде Қарғалы ауданы аумағында археологиялық барлау жүргізілді. Нәтижесінде 274 археологиялық ескерткіштер тіркелді.

Түйін сөздер: археология, ескерткіштер, зерттеу, экспедиция, зерттеушілер

Аслан Маликович Мамедов[1],
Наурызбек Амантаевич Амантаев[1],
Кайрат Базарбаевич Мамиров[1]
[1]Институт археологии им. А.Х. Маргулана,
Алматы, Казахстан

История изучения археологических памятников Каргалинского района

В статье рассматривается история изучения археологических памятников Каргалинского района Актюбинской области. Приведены данные по результатам археологических изысканий, описаны роль и вклад исследователей древностей района. Каргалинский район богат разновременными памятниками историко-культурного наследия. На этой территории встречаются объекты от эпохи камня до этнографической современности, которые представляют собой научный интерес. В 2022 году согласно проекту «Создание электронной базы данных и картографирование объектов историко-культурного наследия Актюбинской области (Каргалинский и Мартукский районы)» была проведена археологическая разведка на территории Каргалинского района. В результате было зафиксировано 274 памятника археологии.

Ключевые слова: археология, памятники, изучение, экспедиция, исследователи

© 2023 г. Мамедов А.М., Амантаев Н.А., Мамиров К.Б.
**Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК 2023–2025, ИРН проекта № BR20280993*

Aslan Mamedov[1],
Nauryzbek Amantaev[1],
Kairat Mamirov[1]
[1]Margulan Institute of Archaeology,
Almaty, Kazakhstan

The history of the study of archaeological monuments in the Kargala district

The article discusses the history of the study of archaeological monuments of Kargala district of Aktobe region. There are given data on the results of archaeological investigations, described the role and contribution of researchers of antiquities of the district. Kargaly district is rich in monuments of historical and cultural heritage of different times. The objects ranging from the Stone Age to the ethnographic present can be found here, which are of scientific interest. In 2022, according to the project "Creation of electronic database and mapping of historical and cultural heritage sites of Aktobe region (Kargaly and Martuk districts)" archaeological survey on the territory of Kargaly district was carried out. As a result were recorded 274 archaeological monuments.

Keywords: archaeology, monuments, studying, expedition, researchers

Қарғалы ауданы Ақтөбе облысының солтүстігінде орналасқан әкімшілік-территориялық бірлік болып табылады, ауданы 4,9 мың км^2. Қолайлы табиғи-географиялық жағдайлар ежелгі уақыттан бастап осы аймақта адамдардың қоныстануына әсер етті.

XVIII–XIX ғғ. облыс аумағындағы ескерткіштерге алғашқы болып қызығушылық танытқан П.И. Рычков, Э. Эверсман секілді зерттеушілер мен саяхатшылар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, археологиялық ескерткіштерге сипаттамалар беріп өткен.

Қарғалы ауданы аумағы ұзақ уақыт бойы зерттелмеген. Көптеген археологиялық ескерткіштер Орынбор ғылыми архивтік комиссияның мүшесі, гимназия мұғалімі И.А. Кастаньенің арнайы жасалған жұмыстарына дейін белгісіз болды. И.А. Кастанье Ақтөбе өлкесімен қатар жалпы Қазақстан бойынша ескерткіштер жөнінде көптеген мәліметтер қалдырды. Ол ескерткіштер туралы мәліметтер жинаумен және оларды тіркеумен қатар кейбір ескерткіштерге қазба жұмыстарын жүргізді. И.А. Кастанье Шиелі және Жақсы Қарғалы өзендерінің аралығында, Жақсы Қарғалы өзенінің оң жағалауында, Жақсы Қарғалы мен Жаздыбай өзені аралығында обалардың көп шоғырланғандығын атап өтті [Кастанье 2007: 104–108].

Ақтөбе облысының ескерткіштерін археологиялық зерттеулер XX ғ. 20-шы жж. екінші жартысында жандана түсті.

1926 ж. М.П. Грязнов және М.В. Комарова басшылығымен одақтық және автономды республикаларды зерттеу бойынша ерекше комиссия құрған КСРО ҒА Қазақстан экспедициясының антропологиялық жасағы археологиялық ескерткіштерді зерттей бастайды. Экспедицияның негізгі жұмыстары археологиялық нысандарды тіркеуге, сонымен қатар кейбір жеке обаларға қазба жұмыстарын жүргізуге бағытталды. Маршрут негізінен облыстың солтүстік аудандары Жайық өзенінің сол жақ салалары болып табылатын Ебейті, Қиялы-Бөрте, Кергелді, Алимбет, Тереклі және т.б. өзендерінің алаптары бойынша жүргізілді. Нәтижесінде әр түрлі кезеңдерге жататын 28 ескерткіш тіркелді. М.П. Грязнов анықталған ескерткіштерді төрт топқа бөлді: топырақ үйіндісі бар обалар, тас үйіндісі бар обалар, таспен қоршалған жер обалары және таспен төселген сақина түріндегі тегіс бейіттер (тас сақиналар).

Барлау жұмыстарымен қатар археологиялық жасақ Кергелді I, II, Қонақбайсай және Оралсай қорымдарында бірқатар нысандарды зерттеді. Кергелді өзені бойында орналасқан Кергелді I және II қорымдарында қазба жұмыстары ұйымдастырылды. Өзге екі ескерткіш Тереклі өзеніне құятын жыралардың террасаларында шоғырланған.

Зерттелген нысандардың көпшілігі тас сақина түріндегі құрылыс, ал аз бөлігі обалар болды. Жерлеу рәсімі және материалдық мәдениет заттары бойынша археологиялық ескерткіштер қола дәуіріне жатқызылды. Оралсай шатқалындағы (Тереклі өзенінің сол жақ жағалауы) Оралсай қорымында қола дәуірі обаларына жерленген ежелгі көшпелілердің төрт жерлеу орындары зерттелді [Грязнов 1927: 172–219]. Жерлеу рәсімі және табылған заттар осы

қабірлерді ерте темір дәуіріне жатқызуға және б.д.д. VIII, V және IV ғғ. мерзімдеуге мүмкіндік берді. [Смирнов, Петренко 1963: 16].

1955–1960 жж. облыс аумағында КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. В.С. Сорокиннің басшылығымен Батыс Қазақстандық археологиялық жасағы облыстың тың және тыңайған жерлерін зерттейді. Бірінші жылы экспедиция Ақтөбе облысының негізінен солтүстік және орталық аудандарын қамтыған төрт барлау жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде әр түрлі кезеңдерге жататын 79 археологиялық ескерткіш тіркелді. Барлау барысында экспедиция Ақжар, Қарғалы, Өлке I және II, Бугет I және II ескерткіштерінде шағын қазба жұмыстарын жүргізді. Қарғалы ауданы территориясы бойынша қола дәуіріне жататын жерлеу орындары, Ақтөбе қаласынан Орск бағытына қарай 60 км жердегі, Жақсы-Қарғалының оң жағалауында орналасқан №3 (төменгі жерлеу орны) және №5 қоршаулар зерттелді [Сорокин 1955].

Қарғалы ауданының археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі және тіркелуі барысында облыс геологтарының барлау экспедициялары үлкен рөлге ие. Олардың 1950–1980 жж. геологиялық барлау жұмыстары барысында көптеген археологиялық және этнографиялық ескерткіштер (қорымдар, тау кен орындары, петроглифтер және т.б.) ашылды. Осы жылдары В.В. Родионов, Р.А. Сегедин, В.Ф. Коробков және С.Г. Грешнер Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне тас ғасырынан бастап ортағасыр кезеңіне дейін әр түрлі жәдігерлер тапсырды. Сонымен қоса, анықталған археологиялық ескерткіштер мен табылған заттардың сипаттамалары және сызбалары бар есептердің қолжазбалары музейге тапсырылды [Сегедин 1976а; 1976б; 1977; 1981; Ткачев, Сегедин, Грешнер, 1996]. 1975 ж. Ақтөбе облыстық музей базасы негізінде В.В. Родионовтың бастамасымен тұрғындардың мәлімдемесі бойынша, ескерткіштерді тұрақты түрде тексерумен айналысқан археологиялық жасақ ұйымдастырылады. Ол өлкетану музейінде қызмет жасаған жылдары археологиялық заттардың коллекцияларын өңдеп, жүйеледі. В.В. Родионов әртүрлі кезеңдерге жататын ескерткіштерге барлау және қазба жұмыстарын жүргізді.

1959 ж. Қарғалы ауданы территориясында Бершүгір геофизикалық экспедициясы құрамында жұмыс жасаған В.В. Родионов және В.В. Потапов Жақсы Қарғалы өзенінің оң жақ саласы болып табылатын Шаншан өзені бойында Ақтөбе қаласынан Орск қаласына апарар жолдың 65 км-де Шаншар мыс өндіру орнын (кенішін) анықтайды. Кейіннен, 1974 ж. В.В. Родионов Бадамша мектебінің оқушыларымен бірге үйіндінің солтүстік-шығыс бөлігінде тау жыныстарын бөлшектеу үшін қолданылған тастан жасалған балғаны анықтайды [Петров, Родионов 1976].

1976 ж. Петропавловка ауылы маңында геолог В.И. Железко Құндызды тау өндеу орнын тіркейді. Нысан Жақсы Қарғалы өзенінің оң жақ саласы болып табылатын Құндызды өзені бойында Петропавловка ауылынан солтүстік-батысқа қарай 3,4 км жерде орналасқан [Петров, Родионов 1976: 48–49].

Археологиялық ескерткіштерінің зерттелуіне геолог Р.А. Сегедин үлкен ықпал етті. Ол 1976–1977 жж. геологиялық барлау жұмыстары барысында қола және ерте темір дәуірлеріне жататын көптеген ескерткіштерді анықтады. Барлық тіркелген ескерткіштер сипатталып, олардың сызбалары және орналасу карталары жасалды. Жалпы, нысандардың суреттерімен, сызбаларымен толықтырылған ғылыми есептер кәсіби дайындалған. Геолог барлық жәдігерлерді камералдық өндеуден кейін Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына тапсырды. Р.А. Сегедин В.В. Родионов секілді археологиялық зерттеулерге кәсіби жағынан қарағаң, бұған олардың қолжазбалары дәлел. Қарғалы ауданының территориясында 1976–1977 жж. Ебейті I–III, Құлтобасай I–IV, Сарытоғай I–II және т.б. ескерткіштер ашылды [Сегедин 1977].

1978-1981 жж. Р.А. Сегедин геологиялық барлау жұмыстары барысында археологиялық ескерткіштерді іздеуді жалғастырды. Осы уақыт аралығында геолог Ебейті және Ор өзендері алаптарында қола дәуірінің ескерткіштерін ашады, олардың ішінде тас қоршаулар және тас құрылыстары бар обалар болып табылатын Қарабұтақ-Қарғалы, Қаражар I, Аралтөбе I қорымдары үлкен қызығушылықты туғырады [Сегедин 1981].

Осы уақытта тіркелген және біздің зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысты қола дәуірінің ескерткіштерін геолог В.Ф. Коробков анықтады. Әсіресе, Қауғаш өзені алабында анықталған ескерткіштер маңызды болып келеді. Бұл жерден 1977 ж. ол 30 оба мен тас сақиналы қоршаулардан тұратын андроновтық Қуаған қорымын ашады және Оңтүстік Шілікті мыс кені ауданында екі ежелгі карьер тіркейді [Коробков 1977]. Осымен бірге, В.Ф. Коробковтың хабарлауынша Ақтөбе облысының

солтүстік аудандарында 1985 ж. дейін қола дәуірінің оннан астам қорымдары мен тұрақтары тіркелген және олардың бетінен көптеген заттар жиналған.

1982 ж. Қарғалы ауданының территориясында Т.И. Кулик жетекшілік еткен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының отрядтарының бірі жұмыс жасайды. Археологиялық қазба жұмыстары Ебейті I және II қорымдарында жүргізілді. Бірінші қорымда 22–23, 38 қоршаулары зерттелді. Екінші қорымда 4 қоршау қазылды. Екі ескерткіштен палеометалл дәуіріне тиесілі материалдар алынды [Кулик 1982].

1983 ж. С.Ю. Гуцалов және В.В. Родионов басқарған Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы Шаншар қорымының қабір үсті құрылыстарының оңтүстік-батыс тобы зерттеліп, Қарғалы II қорымы ашылды [Гуцалов, Родионов 1983]. С.Ю. Гуцалов 1988 ж. бастап аудан аумағындағы зерттеулерді жалғастырды. Ақтөбе педагогикалық институтының археологиялық тобы Ақбұлақсай, Бушексай, Жалғызағаш I–III, Жоғарғы Шилісай және т.б. ескерткіштерді тіркеді [Гуцалов 1989].

1993 ж. Жақсы Қарғалы өзенінің орта ағысында Шаншар, Қарғалы I және II қорымдарының обалары зерттеледі. Ерте темір дәуірінің жерлеу орындары ретінде қола дәуіріне тиісті обалар пайдаланылған. Кейбір жағдайларда жеке үйінділер тұрғызылған. Жерлеу орындары тік бұрышты және сопақша пішіндегі қабірлерге сәйкес келеді. Мәйіттер созылып арқасымен жатқызылған. Темір қылыштар мен қанжарлар, қола жебе ұштары, темір қорамсақтық ілмектер, қыш ыдыстар сияқты жәдігерлер табылды [Ткачев 1994].

1997–2000 жж. аудан аумағында Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе университетінің археологиялық тобы жұмыс жасады. Осы жылдары Жайық (Орал) өзенінің сол жақ саласы болып табылатын Қалымбай өзенінің алабында орналасқан Салтак I, Кеңсайран, Медес қорымдары зерттелді [Бисембаев, Гуцалов 1998; Гуцалов, Бисембаев 2002; Боталов, Таиров, Любчанский 2006].

Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін зерттеуді ұйымдастыруда Ақтөбе облыстық орталығы өз жұмысын Жайық (Орал) өзенінің оңтүстігіндегі тауаралық аңғарда орналасқан Гүрілдек қорымында қазба жұмыстарынан бастады (Қарғалы ауданы, Велихов а/о). Қола дәуірімен мерзімделетін Гүрілдек қорымының обаларында ерте темір дәуіріне жататын тек бір жерлеу орны анықталды. Қарғалы ауданының бірқатар ескерткіштерін 2007 ж. Ақтөбе облысының Тарих, этнография және археология орталығының археологиялық экспедициясы зерттеді [Бисембаев, Уразов, Дуля, Бидагулов, Дуйсенгали 2007].

2007–2008 жж. Орал-Мұғалжар ТМО кешенді зерттеу жобасын жүзеге асыру аясында геоархеологиялық зерттеулер және археологиялық барлау жұмыстары қола дәуірінен бастап қолданылып келе жатқан кеніштердің шоғырлану аудандарынан басталды. Мұғалжар тауларында кенді байытуға арналған өндірістік алаңдары бар қола дәуірінің кеніштері орналасқан көптеген орындар және олармен байланысты ғибадатханалар, тұрақтар, табылу орындары зерттелді. Жалпы алғанда, қазіргі таңда 40-қа жуық геоархеологиялық өндірістік нысандар белгілі, олардың шамамен жартысы экспедициямен зерттелді. Белгілі ақтөбелік өлкетанушы, геолог В.Ф. Коробковтың қалдырған мәліметтері бойынша петроглифтері бар ғұрыптық ескерткіштер зерттеліп, жаңа ақпараттар алынды [Коробков және т.б. 2010. 191-192, 322, 323 бб., 221, 223, 446 сур.].

2010–2019 жж. Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының Мұғалжар экспедициясы гранттық жобалар аясында Ақтөбе облысы аумағындағы Орал-Мұғалжар аласа таулы аймағында бірқатар кешенді зерттеулер жүргізді. Мұнда геоархеологиялық өндірістік нысандар және оларға тиесілі әр түрлі категориядағы археологиялық ескерткіштер зерттелді. Зерттеу жұмыстарының мақсаты қола дәуірінің металлургиялық орталықтарының қызмет жасау механизмдерін кейіннен қалпына келтіру үшін нақты ақпараттар жинау болып табылды.

2012–2014 жж. Орталық Мұғалжардың солтүстігіндегі деректермен аз қамтылған ежелгі кеніштердің таралу аймағына жан-жақты зерттеулер жүргізілді. Орта Орск кен ауданы аймағында қазіргі кезде белгілі жалғыз Құдықсай кен орны анықталды, бұл нысанда геоархеологиялық ізденістер бұрын жүргізілмеген.

2015–2017 жж. кейінгі қола дәуірінің Мұғалжар тау-кен металлургиялық орталығының оңтүстік бөлігіндегі Сарлыбай археологиялық шағын ауданы зерттелді. Нәтижесінде Сарлыбай шағын ауданында мыс кеніштерінің геологиялық-минералогиялық шоғырлануы анықталып, тау кеніштерінің ерекшеліктері және өнеркәсіптік байыту алаңдары зерттелді. Осылай, геоархеологиялық зерттеулердің көп жылдық нәтижелері бойынша қола дәуірінде өнделген Мұғалжар тау-металлургиялық орталығының мыс кендерінің

болғандығы анықталды. Ақтөбе аймағында қола дәуірінде 13,5 мың тонна мыс кені өндірілгендігі белгілі болды.

Кейінгі қола дәуірі металлургтері тұрағының анықталуы және кешенді зерттелуі Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің бірлескен археологиялық жұмыстарының айрықша нәтижесі болып табылады.

Алғаш рет Ақтөбелік Орал алды территориясында Таранғұл кейінгі қола дәуірі қонысында металлургиялық өндірістің дәлелдері анықталды. Қарғалы ауданының Қосестек ауылдық округінде 2019 ж. Д.А. Байтілеудің басшылығымен жүргізілген археологиялық экспедиция жұмыстары барысында металлургтердің тұрағы және металлургиялық пештердің қалдықтары бар өндірістік алаңдары анықталды, олар Орталық Қазақстанның жылу-техникалық құрылыстарына ұқсас болып келеді. Таранғұл қонысында анықталған қола дәуірі металлургтерінің іс-әрекеттерін айқындайтын дәлелдер Ақтөбелік Орал алды аймағында металл өндірудің дамыған технологиялық дәстүрлерін көрсетеді, ал келешектегі Таранғұл металлургтерінің қонысын зерттеу Солтүстік Евразияның ежелгі өндірісі мен палеоэкономикасын зарттеуде өзекті, әрі алдыңғы міндеттердің бірі болуы қажет [Байтлеу, Хаванский 2020: 22–26].

2022 ж. «Ақтөбе өлкесінің ежелгі тұрғындары: тас және палеометаллдар дәуірінің ескерткіштері» шаруашылық келісім шарт жобасын жүзеге асыру барысында Т.Б. Мамиров басқарған Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициясы өзендер, бұлақтар террасаларында мәдени қабаты сақталып қалған тас ғасыры ескерткіштерін анықтау мақсатында шурфтар салу арқылы барлау жұмыстарын жүргізді.

Осылайша, Қуағаш, Таранғұл, Қосестек, Сарыбұлақ өзендері және олардың салаларының жағалаулары, сонымен қатар бұлақ көздері зерттелді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тас ғасырының 11 ескерткіші анықталды: 3 тұрақ және 8 жәдігер орындары. Сарыбұлақ 1–3 тұрақтары маңызды ескерткіштер болып танылды. Тұрақтардың беткі қабатынан нуклеустар, техникалық кетіктер, жаңқа мен пластиналардан еңбек құралдары анықталды [Мамиров және т.б. 2022].

2022 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Мониторинг және қорғау археологиясы бөлімінінің қызметкерлері Қарғалы ауданы территориясынан белгілі және де жаңадан ашылған әр түрлі кезеңдерге жататын археологиялық ескерткіштердің жағдайын, олардың нақты географиялық координаттарын тіркеп өтті. Нәтижесінде аудан территориясында барлығы 274 археологиялық ескерткіш анықталды [Мамедов және т.б. 2022].

ӘДЕБИЕТ

Байтлеу Д.А., Хаванский А.И. Памятники бронзового века Каргалинского района Актюбинской области: история изучения и новые исследования // Кадырбаевские чтения–2020: м-лы VI Междунар. науч. конф. (г. Актобе, 27-28 ноября 2020 г.) / Отв. ред. А.Б. Уразова. Актобе, 2020. С. 22–26.

Бисембаев А.А., Бидагулов Н.Т., Бекназаров Р.А., Байсеупов К.А., Виноградов С.М., Гуцалов С.Ю., Дуйсенгали М.Н., Дуля В.И., Еремина Е.П., Ильясова Р.И., Курманбеков Е.Ж., Мамиров Т.Б., Мендыбаев Е.Х., Ткачев В.В., Успанова Г.Е., Упазов А.А. Ақтөбе облысының тарих-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. 13 томдық. 3-т. Қарғалы ауданы. Ақтөбе, 2007. 136 б.

Бисембаев А.А., Гуцалов С.Ю. Новые памятники древних и средневековых кочевников казахстанского Приуралья // Уфимский археологический вестник. 1998. Вып. 1. С. 152–161.

Боталов С.Г., Таиров А.Д., Любчанский И.Э. Курганы с «усами» урало-казахстанских степей. Челябинск: Южно-Уральский филиал ИИА УрО РАН, 2006. 232 с.

Грязнов М.П. Погребения бронзовой эпохи в Западном Казахстане // Казаки (антропологические очерки). Вып. 2. Л., 1927. С. 172–221.

Гуцалов С.Ю. Отчет об археологических разведках и раскопках в Актюбинской области летом 1988 г. // Фонды АОИКМ. Актюбинск, 1989.

Гуцалов С.Ю., Бисембаев А.А. Погребения прохоровской культуры южнее г. Орска // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана / Гл. ред. М.Н. Сдыков. Вып. 1. Уральск: Полиграфсервис, 2002. С. 65–86.

Гуцалов С.Ю., Родионов В.В. Отчет об археологической разведке в Актюбинской области летом 1983 г. // Фонды АОКИМ. Актюбинск, 1984.

Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. 2-е изд. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 516 с.

Коробков В.Ф. Археологические памятники бассейна р. Куагаш по находкам 1977 года. Рукопись. 1977 // Фонды АОИКМ. Б/н.

Коробков В.Ф., Баймагамбетов Б.К., Сапожников П.К., Улукпанов К.Т. Природные подземные кладовые Актобе: облицовочные, декоративно-облицовочные и строительные камни. Актобе, 2010. 371 с.

Кулик Т.И. Отчет о работе Актюбинского отряда Центрально-Казахстанской археологической экспедиции (Нагорненский курганный могильник, Эбеты I и II) за 1982 год. 1982б // Научный архив ИА КН МНВО РК. Д. 1921.

Мамедов А.М., Амантаев Н.А., Мамиров К.Б. Отчет об археологических разведках памятников Каргалинского района в 2022 г. Актобе, 2022.

Мамиров Т.Б., Байтілеу Д.А., Калиева Ж.С., Куандык С.Р., Мамиров К.Б. Отчет о научно-исследовательской работе по теме «Древнейшее население Актюбинского края: памятники эпохи камня и палеометалла». Алматы, 2022.

Петров Н.П., Родионов В.В. Отчет об археологической разведке в Актюбинской области летом 1975 г. // Фонды АОИКМ. Актюбинск, 1976.

Сегедин Р.А. Об археологических находках 1974-1975 гг. в Мугоджарах (Актюбинская область) // Фонды АОИКМ. Актюбинск, 1976а.

Сегедин Р.А. Древние могильники, обнаруженные в северной части Актюбинской области в 1976-1977 гг. // Фонды АОИКМ. Актюбинск, 1977.

Сегедин Р.А. Археологические находки, сделанные в 1978–1981 гг. в Актюбинской области // Фонды АОИКМ. Актюбинск, 1981.

Смирнов К.Ф., Петренко В.Г. Памятники савроматской культуры Поволжья и Южного Приуралья / САИ. Вып. Д1-9. М., 1963. 40 с.

Сорокин В.С. Археологические памятники северо-западной части Актюбинской области // КСИИМК. 1958. Вып. 71. С. 78–85.

Ткачев В.В. Отчет об археологических работах в Актюбинской области летом-осенью 1993 года // Научный архив ИА КН МНВО РК. Д. 2423.

Ткачев В.В., Сегедин Р.А., Грешнер С.Г. Подъемный материал из поселений и рудников бронзового века в Мугоджарах // Вопросы археологии Западного Казахстана. Сб. науч. тр. Вып. 1: памяти В.В. Родионова / Отв. ред. В.В. Ткачев. Самара: Диалог, 1996. С. 109–132.

REFERENCES

Baitileu, D. A., Khavanskiy, A. I. 2020. In: Urazova. A. B. (ed.). *Kadyrbaevskie chteniya–2020 (Kadyrbaev Readings–2020).* Aktobe, 22–26 (in Russian).

Bissembaev, A. A., Bidagulov, N. T., Beknazarov, R. A. et al. (compl.). 2007. *Aktobe oblysynyn tarikh-madeni zhane tabighat muraıary eskertkishterı (Historical and Natural Monuments of Aktobe Region).* Vol. 3. Aktobe (in Russian).

Bissembaev, A. A., Gutsalov, S. Y. 1998. In: *Ufimskiy arkheologicheskiy vestnik (Ufa Archaeological Herald*), 1, 152–161 (in Russian).

Botalov, S. G., Tairov, A. D., Lyubchanskiy, I. E. 2006. *Mustaches kurgans of the Ural-Kazakhstan Steppes (Kurgany s "usami" uralo-kazakhstanskikh stepei).* Chelyabinsk: Southern Ural Branch of the Institute of Archaeology of the UB RAS (in Russian).

Gryaznov, M. P. 1927. In: *Kazaki (antropologicheskie ocherki) (Kazakhs (anthropological essays)),* Issue 1. Leningrad, 172–221 (in Russian).

Gutsalov, S. Y. 1989. In: Aktobe regional museum of local history funds. Aktyubinsk (in Russian).

Gutsalov, S. Y., Bissembaev, A. A. 2002. In: Sdykov, M. N. (ed.). *Voprosy istorii i arkheologii Zapadnogo Kazakhstana (Issues of history and archaeology of Western Kazakhstan).* Vol. 1. Uralsk: "Polygrafservis", 65–86 (in Russian).

Gutsalov, S. Y., Rodionov, V. V. 1984. In: Aktobe regional museum of local history funds. Aktyubinsk (in Russian).

Castange, I. A. 2007. *Drevnosti Kirgizskoi stepi i Orenburgskogo kraya (Antiquities of the Kyrgyz Steppe and Orenburg Region).* 2nd ed. Almaty: "Daık-Press" Publ. (in Russian).

Korobkov, V. F. 1977. In: Aktobe regional museum of local history funds. Aktyubinsk (in Russian).

Korobkov, V. F., Baimagambetov, B. K., Sapozhnikov, P. K., Ulukpanov, K. T. 2010. *Prirodnye podzemnye kladovye Aktobe: oblitsovochnye, dekorativno-oblitsovochnye i stroitelnye kamni (Natural deposits of Aktobe: facing, decorative-facing and building stones)*. Aktobe (in Russian).

Kulik, T. I. 1982**b**. In: Scientific Archive of the Margulan Institute of Archaeology. D. 1921 (in Russian).

Mamedov, A. M., Amantaev, N. A., Mamirov, K. B. 2022. *Otchet ob arkheologicheskikh razvedkakh pamiatnikov Kargalinskogo raiona v 2022 g. (Report on archaeological surveys in the Kargaly District in 2022).* Aktobe (in Russian).

Mamirov, T. B., Baitileu, D. A., Kalieva, Z. S., Kuandyk, S. R., Mamirov, K. B. 2022. *Otchet o nauchno-issledovatelskoi rabote po teme "Drevneishee naselenie Aktyubinskogo kraya: pamiatniki epokhi kamnya i paleometalla" (Report on Scientific Research on the Topic "Oldest population of Aktobe Region: "the Stone and Paleometallic ages sites")*. Almaty (in Russian).

Petrov, N. P., Rodionov, V. V. 1976. In: Aktobe regional museum of local history funds. Aktyubinsk (in Russian).

Segedin, R. A. 1976**a**. In: Aktobe regional museum of local history funds. Aktyubinsk (in Russian).

Segedin, R. A.1977. In: Aktobe regional museum of local history funds. Aktyubinsk (in Russian).

Segedin, R. A. 1981. In: Aktobe regional museum of local history funds. Aktyubinsk (in Russian).

Smirnov, K. F., Petrenko, V. G. 1963. In: *Svod arkheologicheskikh istochnikov (The list of archaeological sources),* D1-9. Moscow (in Russian).

Sorokin, V. S. 1958. In: *KSIA (Brief Communications of the Institute of Archaeology),* 71, 78–85 (in Russian).

Tkachev, V. V. 1993. In: Scientific Archive of the Margulan Institute of Archaeology. D. 2423 (in Russian).

Tkachev, V. V., Segedin, R. A., Greshner, S. G. 1996. In: *Voprosy arkheologii Zapadnogo Kazakhstana (Issues of Western Kazakhstan archaeology).* Samara: "Dialog" Publ., 109–132 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.